

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ	Ортаңғы топ				
Топтың атауы	«Айшуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	01.05-05.05.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,		"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		бүріккіш пистолетпен су бұрку.	бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.	бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту.	іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.
		"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп- салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды. Мысалы, "Менің жылы тонды киген себебім,..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы	"Дауылпаз дабылдап ..." жаттығуы. - Балалар, сазгерлер ғана емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді. - Балалар, дабылды дауылпаз деп те атай береді. - Дауылпаз дабылдап, - Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу) - Дауылпаз	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу "Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары". Мақсат-міндеттер. Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Шерудегі көліктер". Мақсат-міндеттер. Балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру.

		болу үшін ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,...", "Қолшатыр алған, себебіміз..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	дабылдап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу) Дабыл-дап, дабыл-дап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу) Жаттығуы бірнеше рет қайталанады. (сөйлеуді дамыту)		
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығуы. "Зырылдауық" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. - қолды екі жаққа созу. - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту. - қолды екі жаққа созу.				

	- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу. - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру. "Тізені шапалақтау" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта. 1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу. 3-4- бастапқы қалыпқа келу. "Сипаттаймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою. - оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау. - 4-5 рет еркін тыныс алу. "Өкшемізге қараймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта). - 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау. - 3-4- бастапқы қалыпқа келу. (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық	«Түрлі - түсті гүлдер» Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.	«Әдепті сөздер шеңбері» Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық

		дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. "Күлімдейміз күндей." Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер. Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады. Ойынның бірінші нұсқасы: Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді. Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму	ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылақ. (сөйлеуді дамыту)
--	--	--	---	--	--

			деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады. Ойынның екінші нұсқасы: Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді. Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа,		
--	--	--	---	--	--

			олардың барлық тілектері орындалатынын айтады. (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Дене шынықтыру "Барабан дабылы". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру.	Музыка "Дауылпаз дабылы". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына	Дене шынықтыру "Соқ, барабан!" Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.	Қазақ тілі «Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде. Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға

			сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.		дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше				

	реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен		Шыршаны карағаймен салыстыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында). Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке	Бақтағы еңбек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақшадағы жұмыс). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі	Гүл бақшасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: гүл бақшасы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау, оны дайындау тілегін тәрбиелеу гүл көшеттерін отырғызу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс	Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту; мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ескі жапырақтарды, шөптерді сыпырғышпен жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін

		тәрбиелеу; бір-біріне көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Торғайлар", "Пойыз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды орындықта жүруге, шашыраңқы жүгіруге жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері.	мен дамуы туралы білімдерін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру.	ойындары: "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу.	қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Тауықтар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алаңда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иіліп, өз орнын табу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: бір қатарға қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басыңа құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру. Мақсат-міндеттер: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшаңдықты,
--	--	---	--	---	--

					ептілікті, тепе-тендікті дамыту.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Сурет салудан ойын-жаттығу "Әскери көлік" Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Күн шуағы". Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Жауынгерлер сапқа тұрды". Мақсат-міндеттер. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Әскер". Мақсат-міндеттер. Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы

					түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру.
Балалармен жеке жұмыс		Ритмикалық жаттығу Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау).	"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)	Музыкадан ойын-жаттығу "Жеңіс күнін тойлаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.	"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны. Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз.

		Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			- Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, тауып үлгересіңдер. Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді. (қоршаған ортамен таныстыру)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)		"Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. "Өрт қауіпсіздігі".	Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы озбыр мінез-құлықтың бастаулары".

Тексерген: Бекишева М.А. 

